

ШАБЫТЫМЫЗ ШАЛҚЫП, МЕРЕЙІМІЗ ӨСТІ

кесі зор өрлеу үстінде аталып етілді. Биыл Тәуелсіздігіміздің 20 жылдығы мен Астана қаласының мүшел жасқа толған мерейлі мерекесі бүкіл егемен еліміздің халқы атап өтетін айтулы күнге айналды. Жуырда біз қала мерекесі күні ұйымдастырылған мерекелік іс-ша-

-бағдарлама болды. Бағдарламада дәстүрлі әндер, айтыс, қол-өнер шеберлері, күсбегілер ауылы, ат үстінде өнер көрсетушілер осы жерден көрініс тапты. Төрт күн бойы «Ханшатыр» сахнасында ән кештері бір толастаған жоқ. Фестивальге келген қонақтар атқа



раларды тамашалап, шабытымыз шалқып, мерейіміз өсті. Соның бірі «Ханшатыр» сауда ойын-сауық орталығының алдында ұйымдастырылған «Мынжылдықтар тоғысында Астана» атты көшпенділер өркениетінің фестивалі көпшілікті айрықша әсерге беледі. Көшпенді ата-бабаларымыздың тұрмыс-тіршілігінен сыр шерген бұл фестиваль көпшілікке айрықша ой салды десек артық айтқандық болмас. Үш күнге созылған мерекелік шара барысында «Ханшатыр ойын-сауық кешенінің алдына тігілген ақшанқай киіз үйлер фестивалге ерекше сән берді.

Фестивальдің басты мақсаты - көшпенділер тұрмыс-тіршілігін кеңінен көрсетіп, қазақ халқының мәдениетін терең насихаттау болатын. Киіз үйлердің ішіне көшпенділердің тұрмыстық заттары, зергерлік бұйымдары, қолтаңбалы өнер туындылары, саятшылық және аңшылық өнердің бұйымдары қойылған. Сонау сан заманнан келе жатқан киім үлгілері фестиваль қонақтарының ерекше қызығушылығын туғызған. Мерекеде ұлттық

мініп, үй тігу, киіз басу тағы басқа көне заманға сапар шеккендей әсерге - бөленді. Одан өзге қыз ұзату, беташар, тұсау кесу, шашу, бесікке салу салт-дәстүрлерін қазақтың ежелгі ұлттық киімдерімен театрландырылған қойылымдарды, айтыс пен көшпелі цирк өнері жұртты мәре-сәре күйге бөледі. Ұлттық мәдениет пен дәстүрді насихаттауға арналған шара бағдарламасы өте мазмұнды, әрі жан-жақты қамтылғандықтан фестиваль қонақтары тамаша көңіл-күймен тарасты. Астана күніне орай өткізілген мерекелік шараға қатысқанымды мақтан етемін. Иә, Елордамыздың 13 жыл ішіндегі жетістігін көріп Тәуелсіздігіміздің арқасында алынатын асуларға зор сенім, үкілі үмітпен қараймыз. Ару Астананың ажары күннен-күнге жайнай беріп, Қазақстанның Тәуелсіздігі аясында алатын биіктері асқаралы болғай деген тілек айтамын!

М.ӘБДІРАЗАҚОВ,
Ақсу-Аюлы ауылы.